

## *2022 жылдың тамыз айының 1-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу*

Тамыздың бірінші онкүндігінде дәнді дақылдардың толық пісуіне және егін жинау науқанының басталуына көбінесе қанағаттанарлық жағдай болған. Республиканың солтүстік жартысында дәнді дақылдар егістіктерінде көбінесе «дәннің сүттенуі» - «дәннің уыздануы», жеке учаскелерде «толық пісуі», кеш себілген егістерде «масақтануы» және «гүлденуі» даму фазалары байқалған. Егістің жағдайы көбінесе жақсы, кейбір учаскелерде қанағаттанарлық. Шығыс Қазақстан және Батыс Қазақстан облыстарындағы жаздық дәнді дақылдардың ерте себілген егістіктерінде егін жинау жұмыстарына, Солтүстік Қазақстан облысында бидайды бөлек жинау кезінде орауға кіріскен.

Алматы облысында жаздық бидайдың жағдайы жақсы. Даму фазасы «дәннің сүттенуі» - «дәннің уыздануы», жауған жауын-шашын арпаны жинау жұмыстарына біршама кедергі келтірген.

Алматы және Жамбыл облыстарында күздік бидай жинау науқаны аяқталды, Түркістан облысы Төлеби ауданы Тасарық станциясының маңайында егін жинау жұмыстары жалғасуда.

Елдің оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында жылу сүйгіш дақылдардың (жүгері, күріш, мақта, қант қызылшасы, соя) жағдайы өте жақсы және жақсы. Түптеу және өсімдіктерді суару жалғасуда.

Алматы, Қостанай, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстарының бақылау учаскелерінде картопты вегетациялық суару жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы тегіс өте жақсы және жақсы, даму фазасы «гүлдену» - «пәлектердің солуы».

Шығыс Қазақстан және Қостанай облыстарында күнбағыстың жағдайы өте жақсы және жақсы, Павлодар облысында қанағаттанарлық, «гүлдену» - «пісу» даму фазасында.

Алматы облысы Жаркент станциясының маңайындағы бақшалардағы алма ағашының жағдайы қанағаттанарлық, қалған бақылау учаскелерінде жақсы. Алматы облысының Есік станциясының маңайындағы алма бақтарында сумен зарядтап суару жалғасуда, Каменское плато станциясының маңайындағы бақтарда таңқурай жидектерін жинау жүргізілуде.

Елдің оңтүстігінде жоңышқа шөптерінің 2 және 3-ші шабуы, сондай-ақ вегетациялық суару жалғасуда.

Жайылымдық мал шаруашылығы аймағында мал жаю барлық жерде жүргізілді. Шөптерді жинау, жеткізу және маялау жалғасуда, Атырау облысының Құрманғазы ауданында қой қырқу жүргізілуде.

Шөптердің жағдайы көбінесе жақсы, шөптің нашар болуы Алматы облысының Жамбыл ауданында байқалған.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Қарағанды облысының Шет ауданындағы жайылымдар малмен тапталмаған. Алматы облысының Жамбыл ауданында, Жамбыл облысының Талас ауданында, Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданында жайылымдық жерлер қатты тапталған.

Шөптің жағдайы көбінесе құрғақ, кейбір жерлерде дымқыл.

Топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры Ақмола, Жамбыл облыстарында *қанағаттанарлық*, Алматы, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында *жеткіліксізден оптималдыға* дейін, елдің қалған аймақтарында топырақтың ылғалдану жағдайлары *жеткіліксіз* болып қалыптасқан.